

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы N 150ш қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 340-қосымшада "Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары деген" 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қылмыстық-атқару жүйесінің 81 мекемесін жабдықтармен, мұкаммалмен, арнайы мақсаттағы құралдармен және көлік құралдарымен, оның ішінде:

арнайы құралдардың (оқ-дәрісі бар қару) 200 бірлігімен;
медициналық жабдықтардың 66 бірлігімен (автокластар - 4, құрғақтай қуыру шкафтары - 6, термостаттар - 12, дистилляторлар - 4, тоңазытқыштар - 14, центрифугалар - 2, бинокулярлық микроскоптар - 4, бактерицидті лампалар - 12, аналитикалық таразылар - 2, 12Ф7 - флюорографы - 6);

коммуналдық-тұрмыстық жабдықтардың 213 бірлігімен (пісіру қазандықтары - 55, электр плиталары - 22, тоңазытқыш шкафтары - 28, тоңазытқыш камералар - 26, қуыру шкафтары - 26, кір жуатын машиналар - 32, центрифугалар - 22, дизельдік электр станциялары - 2);

бактериологиялық зертханалар үшін мұкаммалдың 36503 бірлігімен;
29 автомобильмен (арнайы автокөлік - 5 бірлік, су тасығыш - 2 бірлік, автобустар - 6 бірлік, санитарлық машиналар - 3 бірлік, азық-түлік таситын машина - 1 бірлік, ВАЗ автомобилі - 10 бірлік, вакуумдық тазалауға арналған автомашина - 2 бірлік);

жергілікті учаскені қайта жабдықтауға арналған арнайы құралдар мен байланыс құралдарының 12 бірлігімен ("Барьер-500" периметрінің күзеті - 10, радиоұзартқыш - 1, автомобильдік радиостанция - 1);

630 гВА 10/04 күші бар трансформатордың 1 бірлігімен жаратқандыру".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК